



Автор: Бетенова Гулнар Сапаровна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Пайыз

Тақырып: Пайыз

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.1.16. Пайыз ұғымымен таныстыру; 5.1.2.33 Бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыруды үйрету.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Пайыз белгісімен танысады, оны жаза алады. Бүтін бөліктің 100 пайыз болатынын , бір пайыздың –жүзден бір бөлік болатынын пайымдайды. Оқушылардың басым бөлігі: Берілген санның % -ын таба алады. Пайызды бөлшекпен және бөлшекті пайызбен жазып мысал келтіре алады. Кейбір оқушылар: Пайыздың өмірде қолданылуына мысалдар келтіре алады.Өз бетінше тапсырмалар құрастыра алады
Тілдік мақсаттар:	Пайыздың анықтамасын айта алады,пайыз бөлшекпен және бөлшек пайызбен қалай жазылатынын түсіндіре алады.
Күтілетін нәтиже:	пайыз туралы есептерді шеше білу
Бағалау критерийлері:	1.Оқушылар пайыз ұғымын анықтайды. 2.Берілген санның пайызын таба алады. 3..Берілген бөлшекті пайызбен және пайызды бөлшекпен жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	Жақсы қарым-қатынас орнату, жауапкершілігін арттыру,сын тұрғысынан ойлау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, бейнелеу өнері
Бастапқы білім:	Санның бөлігін , және бөлігі бойынша санды таба алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 мин)	- Ұйымдастыру бөлімі: Оқушыларды түгелдеп, зейінін сабаққа аудару. «Жүректен -жүрекке» жаттығуын орындату арқылы психологиялық жағымды ахуал орнату. - Үй тапсырмасын тексеру. «Мен саған , сен маған» (слайд бетіндегі дұрыс жауап бойынша бір-бірін тексереді.)	слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	Өткен тақырыптарды пысықтау және жаңа тақырыпты ашу мақсатында «Жасырын сөз» жаттығуын орындатамын. Сұрақтарға жауап беру арқылы негізгі сөзді анықтайды. Жауаптар дұрыс болғанда жаңа сабақтың тақырыбы шығатынын айтамын. П А Й Ы З - Ежелгі грек математигі (Пифагор) - Статистикалық шама (медиана) - Арифметикалық амал (азайту) - Бөлшек сызығының үстіндегі өрнек (алым) - Онның квадраты (жүз) Жаңа сабақ. Ой қозғау «3 сұрақ» әдісі бойынша оқушыларға сұрақтар қоямын. 1 Не? Пайыз деген сөзді естігендерің бар ма? 2. Не үшін? Пайыз ұғымы не үшін қолданылады деп ойлайсыңдар? 3. Қайда? Күнделікті өмірде пайыз ұғымы қай жерде қолданылады? Оқушылар өз айналасындағы, күнделікті тұрмыста кездесіп жатқан пайызға байланысты мысалдарды атайды. Атап айтқанда, «күнделікті тұтынатын өнім құрамындағы қоспалардың пайызын, дүкендерде заттарға берілген пайыздық жеңілдіктерді, ұялы телефондағы қуаттың пайыздық көрсеткішін, қаржыға байланысты жеке кәсіпкерлік істерде көп қолданылуы» туралы және тағы басқа мысалдар келтіреді. Оқушылардың жауаптарын құптап, пайыз ұғымына түсінік беремін. Кез келген шаманың (санның) жүзден бір бөлігін «бір пайыз» деп атау қабылданған. Мысалы 1 метрде қанша сантиметр бар? Сонда 1 см 1метрдің қанша қанша пайызын құрайды? 5 см ше? $1\% = \frac{1}{100} = 0,01$ 5% оқылуы « бес пайыз» 1% шаманың бөлігіне тең болғандықтан ,толық шама 100% тең болады. Пайызды бөлшекпен немесе натурал санмен жазу үшін,пайыз белгісі (%)алдындағы пайыз санын 100ге бөлу керек. Мысалы,$7\% = \frac{7}{100} = 0,07$ балалар біз қазір қандай амал жасадық? Енді осыған кері амалды қалай жасауға болады? Бөлшекті немесе натурал санды пайызбен жазу үшін, оны 100ге көбейтіп,пайыз белгісін тіркеп жазу керек .Мысалы,$0,4 = \frac{0,4 \cdot 100}{100} = 40\%$, $\frac{40}{100} = 40\%$ Оқулықпен жұмыс.Оқушылар жұптасып отырып орындайды. №1087 Пайызды ондық бөлшекпен жазу №1088 Бөлшектерді пайызбен жазу тапсырмаларын орындайды. Жеке жұмыс. Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындатамын Бағалау критерийі:Білім алушы пайыз ұғымын орындайды 1-тапсырма Сөйлемдерді жалғастырыңыз: а) санның жүзден бір бөлігі... деп аталады. ә) пайыз ... белгісі арқылы жазылады б) 100% деп ... алынады в) санның жартысы санның ... пайызына тең. Дескриптор : «Пайыз» ұғымын түсіндіретін сөйлемді жалғастырады. Топтық жұмыс 2 -тапсырма Бағалау критерийі: -Бөлшекті пайызға айналдырады. -Пайызды бөлшек түрінде жазады Сәйкестендіру» жаттығуын орындатамын. Бұл кезеңде әр топқа есептер мен оның дұрыс жауаптарын қағаз қиындылары арқылы тарқатамын. Оқушылар дұрыс жауапты есептің тұсына сәйкестендіреді. 1-тапсырма Жұптық / топтық жұмыс. Мұғалімге ұсыныс: Берілген кестені карточкаларға қиыңыз. Оқушылардан суретті, бөлшектерді және пайызды сәйкестендіруді сұраңыз. Дескриптор : -суретті пайдаланып ,бөлшекті және пайызды сәйкестендіреді 3-тапсырма Кестені толтыру тапсырмасын орындатамын. Жай бөлшек Ондық бөлшек Пайыз $0,15$ 73% 30% $0,06$. Дескриптор: - пайызды ондық бөлшекке айналдырады, -пайызды жай бөлшекке айналдырады.	http://bartman.com/worksheet http://www.superteacherworksheets.com
Сабақтың соңы (7 мин)	Қорытынды жасаймын.Тақырыптың түйіні бір пайыз дегеніміз... Пайызды жай бөлшек немесе ондық бөлшек түрінде жазу үшін... Жай бөлшекті немесе ондық бөлшекті пайызбен жазу үшін... Үйге тапсырма №1549,1551 Қабілетті оқушыларға №1098,1099,1100 -Үй тапсырмасына бағыт-бағдар беремін. -Келесі сабаққа жоспар құру үшін оқушылардан БББ кестесі арқылы кері байланыс аламын. Стикерге жазып тақтадағы суретке іледі.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (5 мин)	Білемін Білдім Білгім келеді	